

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/DFDR9992>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ZMVY5767>

**\*Н. Қ. Жүсіпов<sup>1</sup>, Е. Қ. Жүсіпов<sup>2</sup>, М. Н. Баратова<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

## **МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ ЖӘЛЕЛӘДДИН РУМИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СЮЖЕТ ТӨРКІНДЕСТІГІ**

*Әлемдік мәні бар шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне тигізген әсері орасан зор. Шығыс пен қазақ әдебиеті арасындағы байланыстың тамыры тереңде жатқаны белгілі. Шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы байланысын сараптағанда, тақырып, идея, қаһарман сомдау т.б. мәселелеріндегі төркіндестікпен қатар шығарма сюжетін ықшамдап сараласақ, туынды фабуласындағы үндестік, жалғастық, сабақтастық та назар аудартады. Мақалада шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі сюжет төркіндестігі, оның ішінде шығыс ақындарының ішіндегі биік тұлға, шығармалары сопылық поэзияның биік шыңы деп танылған, моулана сопылық бауырластығының негізін қалаушы, парсының атақты мистик-ақыны Жәлеләддин Руми мен ақын, тарихшы, фольклорист, публицист, сыншы, шежіреші, әулие, ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының сюжетінде, яғни фабуласында орын алған сабақтастықты, ұқсастықтар мен айырмашылықтарға талдау жасалынды.*

*Кілтті сөздер: сюжет, мысал, шығыс әдебиеті, қазақ әдебиеті, поэзия, араб әдебиеті, парсы әдебиеті.*

### **Кіріспе**

Шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі сюжет төркіндестігі мәселесі кеңінен зерттеуді талап ететін ауқымды сала. Бұл бағытта осы күнге дейін біраз ізденістер жасалды. Алайда, бұл салада жан-жақты саралау, зерттеу, зерделеу әлі де көп көңіл бөлуді қажет етеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бір ғана өлеңінің сюжетін саралау арқылы, біз шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті арасындағы сюжет төркіндестігінің қаншалықты тереңде жатқанын аңғарамыз.

### **Материалдар мен әдістер**

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туындыларының басым бөлігіне шығыстан келген сюжеттер арқау болған. Бұлай тұжырым жасауға түрткі болған

дәлелдердің бірі ретінде ақынның «Аңқау адам туралы» мысалын атауға болады. Мысалдың өзі ортақ сарындағы екі оқиғадан тұрады. Алғашқы оқиғада аңқау сарт (ақын заманында отырықшы өзбектерді көшпелі қазақтар «сарт» деп атаған) үйінен есегін жетектеп шығып, жануар шаршамасын деп, оған мінбей жаяу жүріп бір қуларға, яғни ұрыларға кез болады.

Есегін сарт бишара жетелепті,  
Арасын тау мен тастың төтелепті.  
Жолменен жалғыз қаңғып келе жатып,  
Қуларға кез болыпты өңшең епті.

Жалғыз келе жатқан сарттың есегін ұрламақшы болып уағдаласқан ұрылар айлаға басады.

Ұрының сонда жетіп бірі барды,  
Есектің басындағы ноктаны алды.  
Киді де өз басына кете барды,  
Сол жерде есекті алып бірі қалды.

Ұрының есекті алып бірі қалды,  
Біреуі еріп сартпен кете барды.  
Есегім жетегімде келеді деп,  
Деп қиял, көрместен сарт ойына алды.

Осы әдісті пайдаланған ұрылардың бірі қарасын үзгенде екіншісі ноктаны тартып, тұра қалды. Есегі неге тартынғанын түсінбеген сарт артына қараса, хайуан жоқ, нокталалуы бір адам жетегінде тұр. Қатты сасқан сарт жөн сұрағанда, ұры өзін еріп жүрген есек ретінде, таныстырып бұл жағдайға қалай киіліккенін баяндайды:

– Мен өзім дәл өзіндей адам едім,  
Шешемді көп ренжіткен надан едім.  
Жұмсаса, тілін алмай, қарсыласып,  
Дарақы, бейпіл ауыз жаман едім.

Бір күні шешеммен қарсыластым,  
Бегіне жерден алып топырақ шаштым.  
Қарғады сонда мені: «Есек бол!» -деп ...[1, 179].

Осыдан кейін өзінің есекке айналып, ауыр азап шегіп, құдайға көп жалбарынғанын айтады. Бір күні шешесі бұны аяп, «қайта адам бол», -деп тілек жасапты, соның арқасында бұл өзінің адам кейіпіне қата еніпті-міс. Бұл хикаяны естіген сарттың зәре-құты қалмай, берекесі қашады:

Мұны естіп сарт бейшара кетті шошып,  
Адырайып екі көзі зәресі ұшып.  
Есегің қолындағы адам шықса,  
Мал түгіл кетерсің сен жаннан кешіп [1, 180].

Үйіне қатқан соң, ол басынан өткізген оқиғасын әйеліне хабарлайды. Әйелі бұл адамды хайуан есебінде талай ұрсып-ұрғанын еске салып: «Қой сойып құрмалдық бер», – дейді. Қой сойып құрмалдық берілген соң, біраз уақыт өтеді. Сарттың іші пысып, әйелінің ақылымен базарға барып, жөні түзу бір есек сатып алмақшы болады.

Базарға бұрын сарт барып жүрген,  
Нәрсесін керек-жарақ алып жүрген.  
Есегін энеу күнгі көрді дейді,  
Сағуға жорғалатып салып жүрген.

Есегін көргеннен соң білді танып,  
Қасына жақындапты жуық барып.  
Сыбырлап құлағына айтты дейді:

– Пәлеге тұтылдың ба тағы қалып?!  
Іштің бе үйге барып арақ?-дейді.  
– Болыпсың тағы мұндай харап,- дейді.  
– Алам деп тағы сені әуре болсам,

Қалармын дат деп бір күн қарап,- дейді.  
– Сен, есек, көп жолама маған!-дейді,  
– Ренжіттің неге ананды, надан?!-дейді.  
– Кетугің адам болып саған оңай,  
Өлсем де, жоламайын саған!-дейді. [1, 181 б.].

Осыны айтып сарт жаяу – жалпы үйіне қайтады. Оқиға аяғы ащы мысқылмен (сарказммен) аяқталады.

Солар да бір қатынға ие болып,  
Әйтеуір бұл жалғаннан өмір өтті [1, 181 б.].

### **Нәтижелер мен талқылау**

Шығыс әдебиетіндегі осы типтес «сюжеттерді» саралай отырып, «Мың бір түндегі», «Адам болған есек туралы» әңгімеге [2, 362–363 б.] назар аударғымыз келеді. Мәселен, үш жүз сексен үшінші және төртінші түндерде айтылған әңгіменің мазмұны Мәшһүр Жүсіп мысалымен толық сәйкес келеді. Мәшһүр Жүсіпте екі ұрының бірі есекті алып қашып, екіншісі ноктаны өзі мойныныа тағып, еріп жүре берсе, «Мың бір түнде» де оқиға осылай өрбиді. Есектен адамға айналған ұрының бастан кешкен хикаясы да бірдей. «Мың бір түнде» үйіне келіп, басынан кешкенін айтқан адам жеті нан пісіріп құдайы берсе, Мәшһүр Жүсіп те қой сойып, құрмалдық шалады. Базарға барып есегін танып, жоламауы да дөп келіп тұр. Тек «Мың бір түнде» алданған адам басқа есек сатып алып қайтады.

Проза түрінде жазылған бұл әңгімені ақын мысал ретінде жырлап, оны қазақ даласына тән ұлттық мәнге сай өлең формасына енгізген. Мысалдың көркемдік ерекшелігіне қарап отырып, оның өте тартымды және ұлттық нақышқа сай екенін байқауға болады. Осы мысал арқылы аңқаулықтың бітімін, яғни адам аңқаулығының шебер суреттелгенін көреміз. Ал сюжеттің «Мың бір түннен» тікелей алынуына шүбә келтіруге болмайды, өйткені автор араб, парсы тілдерін жетік білгендігінің арқасында Шығыстың көптеген шығармаларымен ана тілдерінде жете танысқаны белгілі.

Ал жоғарыда аталған оқиға «Мың бір түнде» қалай пайда болды деген сауал туары да анық. «Мың бір түн» жинағының пайда болу тарихы жайлы Х ғасырда өмір сүрген Ибн ал-Надим өзінің анықтамасында былай дейді: «Алғашқылардың бірі болып, бұл ертегілерді құрастырған, жазып алып жинаққа топтастырған сол сияқты кейбіреулерін хайуандар атынан сөйлеткен ежелгі парсылар еді. Одан кейін бұл іспен парсы патшаларының үшінші әулеті Аршанидтер айналысқан. Сасани патшалары тұсында бұл ертегілер сан жағынан көбейіп, кең таралған. Арабтар, оларды өз тіліне аударған. Бұл іске араб тілін жетік білген әдебиетшілер ат салысқан... [3, 502 б.]. Бұған қарама-қарсы да ой-тұжырымдар да баршылық. Соның бірі Сильвестер де Сасидің Еуропаның белгілі арабтанушысының ойын И. М. Фильштинский былай деп береді: «Қарама-қарсы, ең шеткі көзқараста ХІХ ғасырдың кейбір ірі арабтанушылары болды. Мәселен, А. И. Сильвестер де Саси (1758–1838) жинақтың үнді-ирандық түбінің барлығын жалпы жоққа шығарған, ал әл-Масудидің нұсқасы көңіл тоқтарлық жәйт емес екенін, бүкіл жинақ ортағасырлық арабтардың туындысы екенін айтып, ал мәтіндегі Үндістан мен Иранның аталуы – ойдан алынған анахронизмдер деген. Өз пікірін ол мынадай тұжырымға негіздеген, яғни «Мың бір түннің» өне бойынан Ислам дүние танымын көреміз, суреттелетін ғұрыптар арабтардікі, ал тілі – қарапайым халықтың тілі, яғни құлдырау дәуіріндегі сириялық диалектіге жақын [3, 505 б.]. Осы ойларға қоса белгілі арабтанушы Ө. Дербісәлиевтің де пікірін тілге тиек етуді жөн көрдік: «...Индия, Иран халқының ертегілерімен қатар Месопотамия, Түрік жұртының әңгімелері де «Мың бір түн» ертегілеріне белгілі бір шамада әсер еткен деуге болады. Өйткені «Мың бір түннен» аталған ел әдебиеті мен тілінің көптеген элементтері ұшырасады. Мысалы, ертегілерден үндінің Синдбад, түркілердің Али Баба, Хатун, парсылардың Шаһризада, Диназад, Шаһзаман, Бахрам, Рүстем секілді есімдерін оқимыз. Сондай-ақ ертегілерде грек және еврей есімдері кездеседі» [4, 190 б.].

«Мың бір түн» жинағының пайда болуы, таралуы, тарихы жайында айтылған пікірлер сан алуан және әртүрлі. Жоғарыда айтылған пікірлерді назарға ала отырып, біз ерте заманнан әдеби шығармаларымен аты шыққан

Үндістан елінің әдебиетіне зер салған жөн деп санаймыз. Үндістан әдебиетінің дүниежүзілік әдебиетке, оның ішінде парсы, араб елдерінің әдеби шығармаларына зор ықпал жасағаны белгілі. Көне үнді әдебиетінің үздік шығармалары – «Махабхарата», «Рамаяна», «Панчатантра» т.б. Осылардың ішінде дүниежүзі әдебиетінің алтын қорына енетін «Панчатантра» туралы белгілі ғалым Мариан Галиктің пікірі назар аударарлық: «Жалпы әдеби жанрлардан сол замандағы әдеби бірлестіктерге санскрит тілінде жазылған «Панчатантра» әңгімелер жинағы үлкен әсер еткен. Оның өзі шамамен біздің дәуіріміздің III-V ғасырларында пайда болған. VI ғасырда бұл кітап ортағасырлық парсы (пехлеви) тіліне аударылса, VIII ғасырда араб тіліне «Кәлилә мен Димнә» болып тәржімаланды. Ал XII ғасырда грек тіліне араб нұсқасынан, содан кейін XII ғасырда еврей (Иврит) тіліне және XIII ғасырда латын тіліне, одан көптеген еуропалық тілдерге (соның ішінде 1528 ж. чех тіліне) аударылды. Әлемнің 60 тілінде шамамен 200-ге жуық аудармалары өмір сүруде. Көрнекті орыс шығыстанушысы С. Ф. Ольденбург «Панчатантра» әлемде Інжілден кейін ең таралымды кітаптардың біріне айналу бұйырғанын» [5, 166] атап өтті. «Панчатантраның» араб тіліндегі аудармасы – «Кәлилә мен Димнә». «Кәлилә мен Димнәнің» араб әдебиетіне қаншалықты әсері болғанын атақты арабтанушы академик И. Ю. Крачковский де атап өткен [6].

Бұл туындыда «Мың бір түндегі» «Адам болған есек туралы» әңгімеге ұқсас хикая бар. Біз осы хикаяны «Кәлилә мен Димнәдағысын» емес, «Панчатантрадағысын» қарастырып көрмекшіміз, өйткені алдыңғысы соңғысының тікелей аудармасы.

Митрашарману атты сопы (брахман) өзі табынып жүрген қасиетті оттан құрбандық шалу жайлы үкім алады. Осы үкімді орындау үшін қалаға барып, бір семіз ешкіні сатып алады. Қайтып келе жатқанында үш ұрыға кездеседі. Олар кезектесіп, мына көтеріп келе жатқаны ит дегенді қайталап, соңынан дін қызметкерінің «арам» хайуанды арқалап жүруі оғаш қылық екенін ескертеді. Осы іспеттес сөздерге иланған сопы, шынында да, өзіне сатушының көз байлап ит сатуы мүмкіндігін ойлап, ешкісін тастап қашады. Ұрылар болса, ешкіні сойып, жеп алады [7, 214 б.].

Мәшһүр Жүсіп мысалындағы «сарт», «Мың бір түндегі» «Аңқау адам» және «Панчатантрадағы» сопының соншалықты адам сенгісіз аңғалдығы бұл туындыларды бір-біріне жақындата түседі. Осы типтес әңгіме үндінің «Пачатантрадан» кейін тарай бастаған «Тотынама» жинағында да кездеседі [8, 280–281 б.]. Мұндай дәстүр сабақтастығы біздерге мынадай ой салды. Көне үнді туындысы «Пачатантрадағы» «сопы» туралы әңгіме араб және парсы елдерінің шығармаларына «сюжет ауысу» жолымен келді. Сөз жоқ, бір елдің әдебиетінің екінші ел әдебиетіне ауысқан сюжет бастапқа қалпынан

көптеген өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Сондықтан «Панчатантра» мен «Мың бір түндегі» әңгімелердің арасындағы айырмашылықтар (мысалы, «ешкі» орнына «есек» және т.б.) уақыт, табиғат, салт-дәстүр, дүниеге деген көзқарастардың әртүрлілігінен болуы ықтимал. Жоғарыда келтірілген жайттарды ескере отырып, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мысалымен көне үнді шығармасы «Панчатантраның» тығыз байланысы бар екенін анықтай аламыз. Сонымен белгілі бір сюжеттің көне заманда пайда болып, көптеген өзгерістерге ұшырай отырып, қазақ авторының шығармашылығынан орын алғанын байқадық.

Ал енді Мәшһүр Жүсіп мысалының екінші бөлімімен танысып көрелік. Оқиға тағы да сарттың базарға сапарымен басталады:

Ұқпасқа айтқан сөзім кетер ағып,  
Талайды қан қақсатқан тілім шағып.  
Базарға бір ешкіні сарт айдады,  
Мойнына ешкісінің қоңырау тағып [1, 181 б.].

Одан әрі Мәшһүр Жүсіпте ешкісі айдауына жүрмеген соң, сарт оны есекке тіркеп байлап алып, өзі алдына түседі. Сөйтіп жол жүріп келе жатқанында үш ұрыға кез болады. Ұрылардың біреуі сарттың ешкісін, екіншісі есегін, ал үшіншісі киімін ұрлап алмақшы болып уағдаласады.

Бірі айтты:  
Кетті бұ сөз ұнап, – дейді,  
Барады сарттың несі құрап? – дейді.  
– Ешкісін есегімен сендер алсаң,  
Алайын мен киімін тонап! – дейді [1, 182 б.].

Ұрылардың бірі ешкінің мойнындағы қоңырауды шешіп, оны есектің құйрығына байлап, жануарды алып қалады. Қоңыраудың дауысын естіп, көңілі тоқ болып келе жатқан сарт бір мезгіл артына үңіліп қараса, ешкісі көзден ғайып болған.

– Бұ жануар қайда кетті, қашып? – дейді,  
Иа шөлдеп, иа исе қарыны ашып? – дейді.  
– Кешікпей, келсе керек хайуан өзі  
Қоңырауын кеткен екен асып, – дейді [1, 183 б.].

Осылай ойланып-толғанып тұрғанда ұрының тағы бірі келіп, мұның ешкісі біреудің бақ ішіне алып бара жатқанын көргенін айтады. Сарт байғұс бұған есегіне қарай тұруды өтініп, ешкінің соңына түседі. Қайтып келсе, адам да жоқ, есегі де жоқ. Ары-бері шапқылап, іздеп, түк таппай келе жатқанында, үшінші ұры алдынан шығады:

Таусылмастай сарт соры – мидай татыр,  
Аз болса, оған қосылсын тұзды шақыр.  
Екі көзі суда боп, етпетінен  
Қарсы алдында көлденең біреу жатыр [1, 183 б.].



Оның бұл жатысының себебін сұраған сартқа ұры өзінің қызметші малай екенін, иесінің бір қап алтынын ұйықтап қалып суға түсіріп алғанын баяндайды. Егер біреу-міреу салқын суға жиренбей түсіп, қапты алып берсе, сол адамға бір уыс алтын берер едім дегенді айтады. Бұл сөзді естіп, сарт түсіп кеткен қапты алмақшы болып суға түседі.

Түбіне сүңгіп судың барды жетіп,  
Алтынды алам ғой деп үміт етіп.  
Бұл суда азаптанып жүрген шақта,  
Киімін жинап алып кетті жытып.

Салбырап бір мезгілде судан шықты,  
Киім мен кісі түгіл шайтан жоқ-ты!  
Ақымаққа адам, сірә, күлер емес,  
Өмірінде қарға жемес мұндай боқты [1, 184 б.].

Осы орайда біз келтірген екінші бөлімге негіз болған сюжет негізі автордың өз ойы ма, әлде «Нәзирә» дәстүріне сай Шығыс әдебиетінен туындады ма деген ой пайда болды. Осы ой жетегімен біз шығыс ақындарының шығармаларын қарастырайық.

Шығыс ақындарының ішіндегі биік тұлға, шығармалары сопылық поэзияның биік шыңы деп танылған, моулана сопылық бауырластығының негізін қалаушы, парсының атақты мистик-ақыны – Жәлеләддин Мұхаммед (1203–1273). Жәлеләддиннің лақап аты – Руми, оның осылай аталуы өмірінің көп уақытын Румда (Конье), яғни Кіші Азияда өткізгендігінен туындаған. Румидің поэзиялық шығармашылығы мен философиялық-діни көзқарасы мұсылман елдерінің әдебиетінде ерекше із қалдырған. Суфизм немесе сопылық дүниетанымды кең зерттеген Идрис Шахтың мына бір пікірі назар аударарлық: «... Оның парсы тілінде жазылған шығармалары Иранда дәріптелетіні соншалық, оны «Пехлеви тіліндегі Құранға» бағалаған, ...Руми әсерінің дәрежесін анықтау өте қиын, бірақ бұл әсердің іздерін әр түрлі мектептердің әдеби-философиялық шығармаларынан табуға болады» [9, 142 б.].

Парсы ақынының біздің заманымызға жеткен еңбектерінің бірі «Маснави» жинағы. 1986 жылы Мәскеудің «Ғылым» баспасында орыс тілінде жарық көрген жинақ туралы О. Ф. Акимешкин автордың тірі кезінде бұл еңбегіне ат қоймағанын айтады. Ақынның көзі тірісінде-ақ «Маснави – ий манави» («Жасырын мән туралы екі шумақты өлеңдер» немесе «Жасырын мән туралы поэма») деген атау кең таралған. Ал Идрис Шах болса бұл жинақты «Рухани екі шумақты өлеңдер» деп қарастырады [9, 144 б.]. Белгілі ирантанушы В. Б. Никитин де бұл жинақты «Рухани маснави» деп қарастырады [10, 154 б.]. «Маснави» жинағы екі жолдық өлең түрінде

жазылған хикаялар мен мысалдардан тұрады. Жинақтың өзін алты кітапқа бөліп қарастыруға болады. Алтыншы кітапта «Ұрының бір адамның қойын қалай ұрлағаны туралы» хикая бар. Осы бір хикая мен Мәшһүр Жүсіп мысалындағы екінші бөлімнің сюжеттері кейбір кішігірім детальдарды өзгешелігі болмаса, негізінен тура сәйкес келіп тұр. Сөзіміз дәлелді болу үшін осы хикаяның мазмұнын қарап көрелік.

Бір адам қойын жетектеп келе жатып ұрыға кез болады. Ұры қойдың басындағы жіпті кесіп ұрлап алады. Осыдан кейін құдықтың басына тұра қалып, еңкілдеп жылай бастайды. Қойын ұрлатып алған адам ары-бері шапқылап, түк таппай құдық басындағы ұрыға жолығып, қайғысының себебін сұрастырады. Ол болса 500 дирһем алтынын құдыққа түсіріп алғанын, оны алып берген адамға жүзін санап беретінін хабарлайды. Осы сөзді естіген адам жалма-жан құдыққа түсіп, алтынды іздейді. Бұл мезгілде ұры оның барлық киімін сыпырып алып, ғайып болады [11, 189 б.]. Хикаяның қысқаша мазмұны осындай.

Мәшһүр Жүсіп пен Руми арасындағы кішігірім өзгешеліктер бар екенін жоғарыда атап өттік, сол өзгешеліктер мынандай: Румиде ұрының саны біреу болса, Мәшһүр Жүсіпте үшеу. Жоғалатын нәрселер Румиде қой мен киім, ал Мәшһүр Жүсіпте есек, ешкі мен киім. Мұндай өзгешеліктерді түсіндіру үшін, белгілі шығыс әдебиетінің зерттеушісі Өтеген Күмісбаевтың мына пікіріне құлақ түрейік: «Қиссашылар белгілі бір шығыс сюжетін қазақ тұрмысына етене жақын алып, өздерінше жырлады, қосты, алды, мүсіндеді. Көбіне қазақтың 11 буынды қара өлең ырғағына салып, басқа елден келген туындыны өз туған топырағына сай түлетіп шығарады. Шығыс ақындарының, классиктерінің көлеңкесінде қалып қоймай, өз наным-сенімін, мотивтерін өаса білді. Шығыс сюжетін қазаққа шағын, жұмыр етіп жеткізуге тырысты. Қайта жырлаушы ақындар шығыс әдебиетінің күшті әсерін орынды пайдаланады» [12, 55 б.]. Осы пікірдің Мәшһүр Жүсіп шығармашылығына да қатысты екенін айтқымыз келеді. Ақын Руми шығармаларын түрнұсқа тілінде жетік білген деуімізге негіздің бір осы мысал деуге болады. Мәшһүр Жүсіпке шығыс ақындары ішінен сопылық дүниетанымы барлары қатты әсер еткен. Біз ақын қолжазбалары ішінен Жәлеләддин Руми және мистик сопы (ерікті кезбе) Шамс ад-дин Мұхаммед ат Табризи жайлы екі әңгімені тауып, баспа бетіне ұсынған болатынбыз [13].

### **Қорытынды**

Жоғарыда айтылған тұжырымдар мен сараптамалар ХХ ғасырға дейінгі қазақ әдебиетіндегі сюжеттердің басым көпшілігі шығыс әдебиетінен алынғаны белгілі болды. Шығыс әдебиетінде пайда болып, уақыт өте келе өзгерістерге ұшыраған белгілі сюжеттер қазақ әдебиетінде ұлттық нақышқа сай қайта өңделіп, жана туындылар болып дүниеге келді. Әлем әдебиетіндегі

үлкен орын алатын шығыс әдебиетінен қазақ әдебиеті есебі жоқ сансыз сюжеттер мен мотивтерді алу арқылы, үлкен белеске көтерілді десек, кем айтпаймыз. Шығыс әдебиетінің бай мұрасы қазақ әдебиетін дамытуға, байытуға зор үлес қосты.

Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № АР08856356 «Рухани жаңғыру: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мәдени-әдеби мұрасы»).

### Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Көпеев, М. Ж.** Таңдамалы. Т. 1 / М. Ж. Көпеев. – Алматы : Ғылым, 1990. – 273 б.
- 2 Мың бір түн. Т. 1 / Ауд. Қ. Әдікадыров. – Алматы : ҚМКӘБ, 1961. – 420 б.
- 3 **Фильштинский, И. М.** История арабской литературы X–XVIII века. / И. М. Фильштинский. – Москва.: Наука, 1991. – 726 с.
- 4 **Дербісәлиев, А.** Араб әдебиеті. / А. Дербісәлиев – Алматы : Мектеп, 1982. – 207 б.
- 5 Взаимодействия культур Востока и Запада : сборник статей. Выпуск 2. –М.: Наука, 1991. – 205 с.
- 6 Калила и Димна. /Перев. с арабс. И. Ю. Крачковский и И. Т. Кузьмин. – Москва: Вост. лит, 1957. – 284 с.
- 7 Панчатантра. / Пер. А. Я. Сыжин. – М.: Наука, 1958. – 368 с.
- 8 Сказки попугая. // Индийские сказки и легенды. – М., 1992. – 288 с.
- 9 **Идрис Шах.** Суфизм. – М.: «Клышников, Комаров и К», 1994. – 446 с.
- 10 Литература Востока в средние века. Часть II. / сборник –М.: МГУ, 1970. – 464 с.
- 11 **Руми.** Поэма о скрытом смысле. – М.: Наука, 1986. – 270 с.
- 12 **Күмісбаев, Ө.** Терек тамырлар. – Алматы : Ғылым, 1994. – 316 б.
- 13 **Жүсіпов, Е. Қ.** Мәшһүр Жүсіптің «Парсы ақыны Жәлеләддин Руми және Диуани Шәмс туралы» еңбегі жөнінде. // «Ұлағат». – № 3. – 1999.

### References

- 1 **Koreev, M. Zh.** Tandamaly. 1 tom [Select. Vol. 1 ]. – Almaty : Gylym, 1990. – 273 p.
- 2 Myn bir tun. T. 1 Aud. K. Adikadyrov [Thousand and one night. Vol. 1 // Trans. K. Abdikadyrov]. – Almaty, 1961. – 420 p.
- 3 **Filshinsky, I.** Istoriya arabskoi literatury X-XVIII veka. [The history of Arabic literature of the X–XVIII century]. – Moscow : Nauka, 1991. – 726 p.

- 4 **Derbisliev, A.** Arab adebieti [Arabic literature]. Almaty: Mektep, 1982. – 207 p.
- 5 Vzamodeystviya kultur Vostoka i Zapada. Sbornik statey. Vypusk 2 [The interaction of the culture of East and West. Digest of articles. Issue 2]. – Moscow : Nauka, 1991. – 205 p.
- 6 Kalila and Dimna. / Per. s arab. I. Y. Krachkovsky i I. T. Kuzmin [Trans. from arab. I. Y. Krachkovsky and I. T. Kuzmin]. – Moscow, – 1957. – 284 p.
- 7 Panchatantra. / Per. A. Y. Sijin [Trans. A. Y. Sijin]. – Moscow: Nauka, 1958. – 368 p.
- 8 Skazki popugaya. Indiyskiye skazki i legendy [Tales of a parrot. Indian tales and legends]. – Moscow, 1992. – 288 p.
- 9 **Idris Shah.** Sufizm [Sufism]. – Moscow : Klyshnikov, Komarov and K., 1994. – 446 p.
- 10 Literatura Vostoka v sredniye veka. Chast II. [Literature of the East in the Middle Ages. Part II.]. – Moscow : MSU, 1970. – 464 p.
- 11 **Rumi.** Poema o skrytom smysle. [A poem about the hidden meaning]. – Moscow : Nauka, 1986, 270 p.
- 12 **Kumisbaev, O.** Teren tamyrlar [Deep race]. Almaty : Gylym, 1994. – 316 p.
- 13 **Zhussupov, E. K.** Mashhur Zhusuptin «Parsi akını Jalaladdin Rumi jane diyani shams turalı» enbegi joninde [About the work of Mashhur Zhusup «On the Persian poet Jaleladdin Rumi and Shame Diani»]. – Ulagat. – № 3. 1999.

Материал 11.03.22 баспаға түсті.

\*Н. К. Жусупов<sup>1</sup>, Е. К. Жусупов<sup>2</sup>, М. Н. Баратова<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 11.03.22.

## ОБЩНОСТЬ СЮЖЕТА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУРА ЖУСИПА И ДЖАЛАЛАДИНА РУМИ

*В данной статье рассматривается влияние восточной литературы на казахскую литературу. Корни взаимодействия казахской и восточной литературы уходят на десятки веков в прошлое. Анализируя взаимосвязь восточной литературы и произведения Машхур Жусип Копейұлы, мы наблюдаем сходство темы, идеи, создания образа и т.д., кроме этого мы видим в фабуле произведения гармонию, продолжительность, непрерывность. Также в*

*этой статье произведен анализ непрерывности, сходства и различия в произведениях основателя суфийского братства моулавия, чьи произведения признаны вершиной суфийской поэзии, персидского поэта-мистика Джаладдина Руми и казахского поэта, историка, фольклориста, публициста, критика, летописца, ученого Машхур Жусип Копейұлы.*

*Ключевые слова: сюжет, басня, восточная литература, казахская литература, поэзия, арабская литература, персидская литература.*

\*N. K. Zhussupov<sup>1</sup>, Y. K. Zhussupov<sup>2</sup>, M. N. Baratova<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Material received on 11.03.22.

## **COMMONALITY OF PLOT IN THE WORKS OF MASHKHUR ZHUSSIP AND JALALADDIN RUMI**

*This article discusses the influence of Eastern literature on Kazakh literature. The roots of the interaction of Kazakh and Eastern literature go back dozens of centuries. Analyzing the relationship of Eastern literature and the works of Mashkhur Zhussip Kopeev, we observe the similarity of themes, ideas, image creation, etc., besides this, we see harmony, duration, continuity in the plot of the enlightenment. This article also analyzes the continuity, convergence and differences in the works of the founder of the Sufi brotherhood of Moulavia, whose works are recognized as the pinnacle of Sufi poetry, Persian mystic poet Jalaladdin Rumi and Kazakh poet, historian, folklorist, publicist, critic, chronicler, scientist Mashkhur Zhussip Kopeev.*

*Keywords: story, fable, Eastern literature, Kazakh literature, poetry, Arabic literature, Persian literature.*

Теруге 11.03.2022 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,76 МБ RAM

Шартты баспа табағы 14,27. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3880

Сдано в набор 11.03.2022 г. Подписано в печать 31.03.2022 г.

Электронное издание

2,76 МБ RAM

Усл. печ. л. 14,27. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3880

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)